

Бейсембаева К.Д., *¹ , Сатова А.К., ²  Конысбаева А.Б.³ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан)

ЕРЕСЕК МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Эмоционалды интеллект мәселесі психологиялық зерттеулерде жеткілікті өзекті мәселе болып табылады, соған байланысты аталған ұғымды түсіндірудегі және оның түйінді компоненттерін сипаттаудағы тұғырлардың кең диапазоны байқалады. Эмоционалды интеллект феномені ең көп талқыланатын мәселелердің бірі ретінде болуда, бұл ретте оның тұжырымдамалық өрісіне қатысты көптеген сұрақтарға қазіргі уақытқа дейін әлі сенімді жауаптар табылмай отыр. Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық денсаулығы және даму мәселесі қазіргі замандағы психологтардың назарын аударып отырғаны сөзсіз. Сонымен қатар, дамудың әлеуметтік жағдайы баланың психикасын дамытудың негізгі факторы, соның ішінде, баланың психомоторлы және танымдық қабілеттерін дамытудың негізгі факторы болып табылатыны белгілі.

Мақалада балалардың эмоционалды интеллектін зерттеудің және диагностикалаудың жалпы тұғырлары мен принциптері қарастырылған, ересек мектеп жасына дейінгі балалармен диагностикалау жұмысын жүргізудің өзгешелігі көрсетілген, сонымен бірге, ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін эксперименттік зерттеудің нәтижелері ұсынылған. Зерттеу барысында психологиялық әдістемелер кешенін тәжірибеге ендіру жүзеге асырылған, оларды авторлар негіздемілік тұрғыда ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін диагностикалаудың құралдары ретінде қолдануды ұсынады.

Түйін сөздер: эмоциялар, эмоционалды интеллект, эмоционалды сфера, эмпатия, эмоционалды құзыреттілік, дамыту, мектепке дейінгі жас.

Бейсембаева К.Д. ^{1*} , Сатова А.К., ²  Конысбаева А.Б.³ 

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан)

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

Проблема эмоционального интеллекта является достаточно актуальной проблемой в психологических исследованиях, в связи с чем наблюдается широкий диапазон подходов в трактовке данного понятия и в описании его ключевых компонентов. Феномен эмоционального интеллекта становится одним из наиболее обсуждаемых вопросов, при этом на многие вопросы, касающиеся его концептуального поля, до сих пор не найдено убедительных ответов. Проблема психического здоровья и развития детей старшего дошкольного возраста, несомненно, привлекает внимание современных психологов. Кроме того, известно, что социальная ситуация развития является основным фактором развития психики ребенка, в том числе и основным фактором развития психомоторных и познавательных способностей ребенка.

В статье рассмотрены общие принципы и принципы исследования и диагностики эмоционального интеллекта детей, показана специфика проведения диагностической работы с детьми старшего дошкольного возраста, а также представлены результаты экспериментального исследова-

дования эмоционального интеллекта детей старшего дошкольного возраста. В ходе исследования осуществлено внедрение в практику комплекса психологических методик, которые авторы предлагают использовать в качестве инструментов диагностики эмоционального интеллекта детей старшего дошкольного возраста.

Ключевые слова: эмоции, эмоциональный интеллект, эмоциональная сфера, эмпатия, эмоциональная компетентность, развитие, дошкольный возраст.

Beisembayeva K.D.^{1*} , Satova A.K.,²  Konysbaeva A.B.³ 
¹Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF EMOTIONAL INTELLIGENCE IN OLDER PRESCHOOL CHILDREN

Abstract

The problem of emotional intelligence is a fairly urgent problem in psychological research, and therefore there is a wide range of approaches in the interpretation of this concept and in the description of its key components. The phenomenon of emotional intelligence is becoming one of the most discussed issues, while many questions concerning its conceptual field have not yet been found convincing answers. The problem of mental health and development of older preschool children undoubtedly attracts the attention of modern psychologists.

In addition, it is known that the social situation of development is the main factor in the development of the child's psyche, including the main factor in the development of the child's psychomotor and cognitive abilities. The article discusses the general principles and principles of research and diagnosis of children's emotional intelligence, shows the specifics of diagnostic work with older preschool children, and presents the results of an experimental study of the emotional intelligence of older preschool children. In the course of the study, a set of psychological techniques was put into practice, which the authors propose to use as diagnostic tools for the emotional intelligence of older preschool children.

Keywords: emotions, emotional intelligence, emotional sphere, empathy, emotional competence, development, preschool age.

КІРІСПЕ Соңғы онжылдықта мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық интеллектісінің құрылымын, жас спецификасын, оны диагностикалау мен дамытудағы тұғырларды зерттеу мәселелері мектепке дейінгі білім беру саласындағы психологиялық зерттеулердің басым бағыттарының біріне айналды. Бұл тек балалардың психикалық денсаулығын қорғауға және нығайтуға ғана емес, сонымен бірге олардың эмоционалды әл-ауқатын және интеллектісін дамытуға бағыт берген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беруді 2023-2029 жылдарға дейін дамыту Тұжырымдамасының бекітілуімен және нормативті-құқықтық базасының өзгеруімен ғана байланысты емес, сонымен бірге, қазіргі мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың әлеуметтік-мәдени ортасының өзгеруімен, «soft skills» дамыту балаларды табысты әлеуметтік бейімдеудің шарты болуымен, өзіндік эмоцияларын, басқа адамдардың эмоционалды күйлерін түсіну және әртүрлі әлеуметтік контексте эмоцияларды реттеу қабілетімен байланысты.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді 2023-2029 жылдарға дейін дамыту Тұжырымдамасының аясында және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту Моделінде мектепке дейінгі жастағы баланы дамытудың басымдылықтарының бірі ретінде баланың дамуындағы маңызды құрамдас ретінде әлеуметтік-

эмоционалды оқыту ажыратылып көрсетіледі: ол өзінің эмоцияларын түсінуден және басқарудан, эмпатиядан және қарым-қатынастың тұрақты дамушы дағдыларынан тұрады [1,2].

Зерттеулер көрсеткендей, балалардың дамыған эмоционалды интеллекті олардың академиялық және әлеуметтік жетістіктеріне ықпал етеді, психологиялық әл-ауқатын жақсартады және басқалармен берік қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Қазақстанда бұл тақырып өзекті бола түсуде, өйткені көптеген ата-аналар мен педагогтар тек академиялық ғана емес, сонымен қатар жеке дағдылардың маңыздылығына көбірек уақыт бөледі.

Мектепке дейінгі жас баланың психикасы мен жеке тұлғасының дамуында ерекше маңызға ие. Бұл жаста баланың дамуының әлеуметтік жағдайы өзгереді, оның өмір сүру жағдайлары тез кеңейеді: отбасы шеңбері көше, қала, ел аясына дейін кеңейеді. Мектепке дейінгі жас - тұлғаның дамуының ең күрделі және қарама-қайшы кезеңдерінің бірі, себебі бір мезгілде тұлғаның дамуының сыни және сенситивті кезеңі болып табылады. Зерттеушілердің назары мектепке дейінгі жастағы балалардың психикалық дамуының көптеген аспектілеріне, соның ішінде, соңғы онжылдықта балалық шақ кезеңінде эмоционалды интеллекттің қалыптасу мәселелеріне тоқталады.

Ересек мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында баланың негізгі психологиялық жаңа құрылымдарының қалыптасуы аяқталады –есте сақтау және қиял, бұл балаға бейнелер мен ұғымдармен әрекет етуге мүмкіндік береді, көрнекі-бейнелі ойлауды, сөйлеудің символдық-белгілік функцияларын және соған байланысты баланың психомоторлық қабілеттерін дамыту маңызды болып саналады. Сондықтан ересек мектеп жасына дейінгі баланың танымдық және психомоторлық қабілеттерін зерттеу және диагностикалау өте маңызды, бұл баланың психикасын одан әрі дамыту үшін қажетті негіз болады.

Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың қабілеттерін диагностикалаудың және психологиялық зерттеудің өзектілігі келесі негіздемелермен анықталады:

- Қазақстан білім беру және бала құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік және халықаралық құжаттардың: бала құқығы туралы Конвенция, Болондық Декларация, адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының Халықаралық Декларациясы және т.б. қатысушысы болып табылады;

- аталған жас кезеңіндегі балалардың білім беру процесінің белсенді субъектілері болып табылатын мектепте білім берудің 12-жылдық моделіне өту.

Мектепке дейінгі жаста эмоциялық интеллектті дамыту қалыптасу сатысында болатын психологиядағы ғылыми зерттеулердің салыстырмалы түрде жаңа бағыты болып табылады. Оның күрделілігі, қазіргі уақытта ғалымдардың арасында эмоциялық интеллект феномені туралы ғылыми ұғымдардың дамуының қазіргі сатысында аталған феноменнің мәніне және құрылымына қатысты бірыңғай көзқарастар болмайтынымен анықталады. Ғалымдар мен практиктердің эмоционалды интеллект проблемасына және оның балалық шақтағы қалыптасуы мен даму ерекшеліктеріне деген қызығушылығының артуына қарамастан, эмоционалды интеллектті диагностикалау мен дамытудың ғылыми негізделген бағдарламалары жеткіліксіз. Эмоционалды интеллекттің жеке сипаттамалары да, оның жүйелік қасиеттері де ғалымдардың назарын аударады.

Соған байланысты мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектісін зерттеуге деген жоғары ғылыми қызығушылық пен өзекті әлеуметтік сұраныс пен мектеп жасына дейінгі эмоционалды интеллектті диагностикалау және дамыту проблемасының жеткіліксіз дамуы арасындағы қарама-қайшылықтың болатыны нақтыланады.

Осылайша, аталған мақаланың мақсаты ретінде мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектісін дамытудың психологиялық ерекшеліктерін анықтау негізінде, аталған жастағы балалардың эмоционалды интеллектін дамытудың психологиялық кешенді бағдарламасын әзірлеудің әдіснамалық және әдістемелік негіздерін әзірлеу алынды. Жоғарыда баяндалғандарға сәйкес, біз ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамуын психодиагностикалық зерттеуді ұйымдастыруды және жүргізуді, сондай-ақ, осы

эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі бар балаларды («дарындылық белгілері») анықтауды мақсат етіп қойдық. Зерттеудің маңызды міндеті - психологиялық әдістер кешенін сынақтан өткізу және оны мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін зерттеу үшін диагностикалық құрал ретінде табысты қолдану мүмкіндігін анықтау.

Бұл мәселелерді талдау мектеп жасына дейінгі кезеңде эмоционалды интеллектіні дамытудың баланың жас кезеңдері бойынша даму барысында пайда болатын психикалық жаңа құрылымдармен, сонымен қатар, баланың өзі үшін маңызды ересек адамдармен және құрдастарымен орнататын қарым-қатынасымен, баланың өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын тану, түсіну, ажырату дағдыларын сәтті меңгеруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИ ШОЛУ. Алғаш рет «эмоционалды интеллект» ұғымы Э.Торндайк (1920), Дж. Гилфорд (1967) және Г. Айзенктің (1995) әлеуметтік интеллект тұжырымдамасынан бастау алады, сонымен бірге, Х.Гарднердің көпшілік интеллект теориясынан бастау алады (1983). Х.Гарднердің моделі интеллектінің жеті негізгі түршелерін қамтиды, оның қатарына дәстүрлі вербальды және логикалық-математикалық интеллектімен қатар, кеңістіктік, музыкалық, денелік-кинестетикалық, тұлғашылық (interpersonal) және тұлғааралық (intrapersonal) интеллект енеді. Тұлғашылық интеллект «өзіндік эмоционалды өмірге, өзінің эмоцияларына және аффектілеріне қолжетімділік» ретінде сипатталады: бірден сезімдерді ажырату, оларды атау, оларды символикалық кодтарға аудару және өзіндік мінез-құлқын түсіну және басқару үшін құрал ретінде қолдану қабілеті». [3].

Когнитивті және аффективті процестердің өзара байланысы туралы түсініктердің тарихи және ғылыми дамуының логикалық салдары ретінде, «эмоциялық интеллект» ұғымы алынды, аталған ұғым психологиялық концептуалды аппаратына 1990 жылы енгізілді, бұл уақытта J. D. Mayer, P. Salovey алғаш рет эмоционалды интеллектті өзіндік сезімдерді және басқа адамдардың сезімдерін қадағалау қабілетін, ойлауды және әрекетті басқару үшін аталған ақпаратты ажырату және қолдану қабілетін қамтитын әлеуметтік интеллектінің компоненті ретінде анықтады [4].

Эмоциялық интеллект ұғымының авторлары Дж. Мэйер және П.Сэловей қазіргі кезде әзірленген теорияларды екі класқа бөлуге болатынын атап көрсетеді: аралас модельдер және қабілеттер моделі [4]. Аралас модельдерді эмоциялық интеллект ұғымының, когнитивті қабілеттер, сонымен бірге тұлғалық сипаттамалардың көмегімен біріктіруге болады. Қабілеттер моделі эмоциялық интеллектіні эмоциялық ақпаратты дәл өңдеуге қатысты когнитивті қабілеттері тобы түрінде қарастырады. Аталған авторлардың теорияларында эмоциялық интеллект эмоцияларды және эмоциялық білімді түсіну қабілеті ретінде, сонымен қатар тұлғаның эмоционалды және интеллектуалды өсуіне ықпал ететін эмоцияларды басқару қабілеті ретінде; эмоцияларды терең меңгеру, бағалау және көрсету қабілеті ретінде; эмоцияларды және эмоционалды білімді түсіну қабілеті.

Эмоциялық интеллектінің басқа тұжырымдамасы Р.Бар-Онның жұмыстарында берілген, ол эмоциялық интеллектінің аралас моделінің үлгісі болып табылады [5]. Оның тұжырымдамасында эмоциялық интеллект қоршаған болмыстың жағымсыз факторларынан қорғауға ықпал ететін белгілі когнитивті емес қабілеттер мен дағдылардың жиынтығы тұрғысында зерттеледі. Р.Бар-Он бес сфераны және 15 бөлікшелерді ажыратып көрсетті (1-кестені қараңыз):

1. Тұлғашылық сфера өзіндік талдауды, ассертивтілікті, тәуелсіздікті, өзін-өзі құрметтеуді, өзін-өзі маңызды етуді қамтитын өзін түсіну және басқару қабілетіне қатысты.

2. Тұлғааралық сфера басқа адамдардың өзара әрекеттесу және олармен ортақ тіл табысу қабілетін қамтиды, ол эмпатияны, өзара оңтайлы тұлғааралық өзара қатынастарды орнату қабілетін, әлеуметтік жауапкершілікті қамтиды.

3. Адаптивтілік сферасы икемді және шынайы болу қабілетін, туындаған мәселелерді шешу қабілетін көздейді, болмысты, шындықты бағалауды, икемділікті, мәселелерді шешу қабілетін қамтиды.

4. Стрессті басқару сферасы стресске қарсы тұру қабілетін және өзінің импульсивтілігін бақылау қабілетін қарастырады, стресске деген толеранттылықты, импульсивтілікті бақылау қабілетін қамтиды.

5. Жалпы көңіл-күй сферасы оптимизмді, өмірмен қанағаттанушылықты қамтиды [6].

Кесте 1. Р.Бар-Онның эмоциялық интеллект моделі

№	Компоненттер	Мазмұны
1	Өзін тану	Жеке эмоционалды күйін саналы ұғыну, өзін-өзі маңызды ету, өзін-өзі құрметтеу және т.б.
2	Қоршаған адамдарды тану	Тұлғааралық қатынастардың ерекшеліктері, әлеуметтік жауапкершілік, эмпатия және т.б.
3	Адаптация	Болмыстың өзгермелі жағдайларына қатысты пікірлер мен сезімдерді бейімдеу қабілеті, икемділік, шынайылық және т.б.
4	Стрессті реттеу	Стресс жағдайларына тұрақтылық, импульсивтілікті бақылау
5	Жалпы көңіл-күй	Оптимизм, бақыт

Автор эмоциялық интеллект туралы қалыптасқан түсінікті жетілдірді, оған стрессті реттеудің және жалпы көңіл-күйдің компоненттерін енгізді. Сонымен қатар, Р.Бар-Онның анықтаған эмоциялық интеллект ұғымы күнделікті өмірде адамға қажет болатын дағдыларды да қамтиды. Кейінірек, эмоциялық интеллектінің компоненттерінің арасында ойлау процестерінің де қатысуы анықталды [5].

Бірқатар зерттеушілердің көрсетуі бойынша, психологтардың ортасында эмоциялық интеллект мәселесі американдық ғалым Д.Гоулманның жұмыстарының нәтижесінде кең тарады. Өзінің зерттеулерінде автор эмоциялық интеллектіні осы саладағы беделді зерттеушілердің бірі болып саналатын Д.Векслердің еңбектеріне сүйеніп, интеллектуалды қабілет ретінде ұсынады. Ол алғашқылардың бірі болып эмоциялық интеллект ұғымын әлеуметтік интеллектінің құрылымына енгізді және оны көшбасшылық қабілеттердің маңызды компоненті ретінде қарастыруды ұсынды, осы әрекетімен ол аталған психикалық құбылыстың танымалдығының артуына ықпал етті [7].

Д.Гоулман бойынша, эмоциялық интеллект – бұл адамның өзіндің мақсаттарын жүзеге асыру үшін алынған ақпаратты қолдану үшін өзіндік эмоцияларын және қоршаған адамдардың эмоцияларын түсіндіру қабілеті (қабілеттер жиынтығы). Автор эмоциялық интеллектінің құрылымындағы жетекші рөлді интеллектуалды компонентке береді, ал эмоциялық интеллектіні жан-жақты, көпқырлы құрамдастардың біртұтас кешені ретінде қарастырады [7].

Автор эмоциялық интеллектіні базалық компоненті ретінде *эмоциялардың идентификациясын* атап көрсетеді, ол сонымен бірге эмоцияларды басқарудың алғышарты болып саналады, осылайша Д.Гоулманның пікірі бойынша, эмоциялық интеллектінің құрылымы иерархиялық болып табылады [7]. Автор екі өлшемді ажыратып көрсетеді («Мен – Басқалар», «Тану-Реттеу»), олардың үйлесімі эмоциялық интеллект құрылымының төрт элементін береді. Алғашқы екі элемент (өзіндік сана, өзін-өзі бақылау) адамның өзіндік эмоцияларын басқаруға мүмкіндік беретін тұлғалық дағдыларға қатысты болады. Екінші екі элемент (әлеуметтік байқампаздық, қатынастарды басқару) әлеуметтік дағдылармен байланысты, яғни адамның басқа адамдардың эмоцияларын қалай басқаруымен және олармен қатынастарға қалай әсер етуімен байланысты.

Қазіргі ресейлік психологияда эмоциялық интеллект идеясын Д.В.Люсин дамытты. Ол феноменнің өзіндік моделін ұсынады және оған бастапқыда ЭИ-нің екі формасын – тұлғааралық эмоциялық интеллектіні және тұлғашылық эмоциялық интеллектіні енгізеді (сәйкесінше ТАЭИ және ТІЭИ). Автор әзірлеген сауалнаманы апробациядан өткізу әрбір форманың субкомпоненттерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Мысалы, ТАЭИ құрамына бөгде эмоцияларды интуитивті түсіну (эмоциялық сезгіштік, кейде эмпатиямен теңдестіріледі), экспрессия арқылы бөгде эмоцияларды түсіну және бөгде эмоцияларды басқару қабілеті енді. ТІЭИ-нің құрамында өзінің эмоцияларын түсіну және басқару, сонымен бірге экспрессияны бақылау бар.

Д.В. Люсин адамның эмоциялық интеллектісінің көріну деңгейінің 3 фактордың үйлесіміне байланысты болатынын атап көрсетеді:

- *Когнитивті қабілеттер* (эмоционалды ақпаратты қайта өңдеудің жылдамдығы және дәлдігі);
- *Адамның эмоциялар туралы түсініктер қоры мен сапасы* (құндылықтар туралы, өзі және басқа адамдар туралы маңызды ақпарат көзі туралы ретінде);
- *Тұлғаның эмоционалдылығы ерекшеліктері* (эмоционалды тұрақтылық, эмоционалды сезімталдық және т.б.[8].

Қазақстандық ғылымда эмоциялық интеллектіні зерттеулер көпқырлы және біршама көп салаларды қамтиды. Тұлғалық-әрекеттік тұғырдың аясында С.М.Жақыпов, Н.Б. Жиенбаева, Г. Ж. Лекерова, М.А. Перленбетов, О.С. Сангилбаев, А.Р. Ерментаева сияқты ғалымдар білім беру процесінің субъектілерін кәсіби және коммуникативті даярлауды талдау арқылы тұлғаны эмоционалды күйінің жекеленген көрсеткіштерін қарастырды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоциялық интеллектісін зерттеуге бірнеше қазақстандық ғалымдардың жұмыстары арналған:

- А.А. Төлегенова және Ш. Дуанаева баланың дамуы процесінде мектепке дейінгі жастағы эмоциялық интеллектіні қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеді [9].

- А.Қ. Ноғаева, О.С. Сангилбаев және М.М. Байбекова мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоциялық интеллектісінің қалыптасу деңгейін диагностикалау мәселесін қарастырады. Олардың зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоциялық интеллектісінің даму деңгейіні орташа және төмен болғанын көрсетті [10].

- М.Б. Берлибаева мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоциялық интеллектісінің даму деңгейіне арналған зерттеулер жүргізді. Оның эмоциялық интеллектінің даму деңгейлерін зерттеу қорытындылары келесі нәтиже көрсетті: мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоциялық интеллектісі өте нашар қалыптасқан, баланың өзіне, қоршаған адамдарға, құрдастарына қатынасы бойынша эмоционалды-мотивациялық бағдарлары жоқ; эмоциялық интеллектісінің дамуының төмен және орташа деңгейлері бар балалардың саны жеткілікті көп, эмоциялық интеллект дамуының жоғары деңгейі бар балалар мүлдем жоқ; балалардың құрдастарымен, ересектермен әртүрлі өмірлік жағдайларда қарым-қатынас жасау дағдылары жеткіліксіз дамыған; эмоциялық интеллектінің дамуына балалардың темпераменті әсер етеді, сангвиниктерде эмоциялық интеллектінің даму деңгейі жоғары, ұлдармен салыстырғанда, қыздардың эмоциялық интеллектісінің даму деңгейі жоғары [11].

- Н.С. Жұбаназарова, К. Өтепберген, Н.С. Тленчиева және А.А. Төлегенова мектепке дейінгі жастағы балалардың хал-жағдайына ойынның эмоционалды әсерін зерттеді [12].

Эмоционалды интеллект және оның балалық шақ кезеңінде қалыптасуы, қызметінің ерекшеліктері мәселесіне қызығушылық тұрақты түрде артып келеді. Ғалымдардың назарын эмоционалды интеллектінің ішінара сипаттамалары, сонымен бірге оның жүйелі қасиеттері, балалардың эмоционалды интеллектін дамытудың мүмкіндіктері қызықтырады [13].

Мектепке дейінгі жастағы балада онтогенез процесінде және әлеуметтендіру нәтижесінде, қоғамда өмір сүру үшін маңызды және орталық рөл атқаратын басқа адамдардың эмоционалды күйлерін қабылдау және түсінудің жеке-дара ерекшеліктерінде, басқа адамдардың эмоционалды күйлеріне адекватты жауап беру қабілетінде көрінетін әлеуметтік-перцептивті қабілеттері қалыптасады және жетіледі, бұл баланы жетілдірудің әлеуетті мүмкіндіктерін білдіреді және әлеуметтік ортада қолайлы және тиімді өзара әрекеттесуді құрудың негізіне айналады.

Эмоционалды интеллект біртұтас алғанда, айқын когнитивті компоненті бар когнитивті-тұлғалық құрылым ретінде, эмоцияларды түсіну мен басқарудың ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығы, сонымен қатар эмоционалды ақпаратты өңдеуге және қайта құруға, түрлендіруге байланысты интеллектуалды іс-әрекеттің білімдері, біліктері мен дағдылары, операциялары мен стратегиялары ретінде қарастырылады.

Эмоционалды интеллект (EQ) – адамның өзін және басқа адамдарды басқару қабілеті. Эмоционалды интеллект өзіндік сананы, импульсивтілікті бақылауды, сенімділікті, өзіндік мотивацияны, оптимизмді, коммуникативті дағдыларды, басқа адамдармен өзара қатынастарды тиімді құра білуді қамтиды.

Эмоционалды интеллектінің құрамдастары (Д. Майер, П. Сэловей):

- Эмоцияларды бағалау және көрсетудің дәлдігі - бұл білік эмоцияларды адамның физикалық күйі мен ойлары, сыртқы бет-бейнесі мен мінез-құлқы бойынша анықтау қабілеті.

- Ойлау іс-әрекетінде эмоцияларды қолдану. Эмоциялар біздің зейінімізді маңызды оқиғаларға бағыттайды, олар бізді белгілі әрекеттерге дайындайды және біздің ойлау процесімізге әсер етеді.

- Эмоцияларды түсіну. Эмоциялар - кездейсоқ оқиғалар емес. Оларды белгілі себептер туындатады, олар белгілі ережелер бойынша өзгереді.

- Эмоцияларды басқару. Аталған қабілеті эмоциялар беретін ақпаратты қолдану, эмоцияларды туындататын немесе олардың ақпараттылығына немесе пайдасына қатысты олардан бас тарту қабілетін білдіреді; адамның өзінің және басқалардың эмоцияларын басқару [4].

Мектепке дейінгі жаста эмоционалды даму интеллектуалды дамудан озық жүреді. Сондықтан, эмоционалды интеллектіні, яғни эмоцияларды түсіну, бақылау және басқаларға бағдарлануды, сонымен бірге басқа адамдармен ынтымақтасу қабілетін мектепке дейінгі жастағы баланың тұлғасын дамытудың негізі ретінде қолдануға болады. Мектепке дейінгі жастағы баланың мінез-құлқы біршама дәрежеде ой талқылаулармен емес, эмоциялармен реттеледі.

Ересек мектеп жасына дейінгі *баланың эмоционалды сферасы* келесі үлгіде сипатталады:

- қабылдаудың бірқалыпты эмоционалды фонымен;
- эмоциялардың «қалау, тілек, түсініктер, әрекет, эмоция» тізбегі бойынша көрінуімен;
- басқарылатын эмоционалды процестермен;
- эмоционалды шабыттанудың дамуымен (бала болашақ нәтижені алдын ала көруге және өзін қалай бағалайтынын көруге ұмтылады);
- аффективті реакциялардың пайда болуымен;
- іс-әрекет үшін жаңа мотивтердің пайда болуымен;
- өзінің мінез-құлқын бағалау қабілетімен.

Мектепке дейінгі жастағы баланың эмоцияларының алуан түрлі жеткілікті спектрі болады. Оның сезімдері мен толғаныстары ең алдымен, отбасы шеңберіндегі атмосферамен байланысты болады. Мектепке дейінгі жастағы бала әртүрлі интонацияларды және мимиканы қолдана отырып, сезімдерін көрсетуге қабілетті болады. Жаңа біліктер мен қызығушылықтар баланың алуан түрлі эмоцияларының біртұтас спектрінің пайда болуына, сонымен бірге қажеттіліктері мен мотивтерінің пайда болуына ықпал етеді. Мектепке дейінгі жастағы баланың эмоциялары мен сезімдерінің гаммасы біртіндеп күрделенеді: ол қуанышты немесе үрейді, қызғанышты, мұңды, аяушылықты, ашу-ызаны, сергектікті, нәзіктікті, ұялшақтықты, таңғалуды, қанағаттануды және т.б. сезінуі мүмкін [15,16,17].

Мектепке дейінгі жастағы баланың әрекеттерінде интеллектуалды сәт көрініс табады, ол толғаныстар, уайымдар мен тікелей әрекеттің арасында пайда болады және балаға тән аңғал және тікелей әрекеттің тікелей қарама-қарсылығына айналады [28].

Мектепке дейінгі жастағы баланың танымдық, әлеуметтік және тұлғалық дамуының маңызды компоненті ретінде оның басқа адамның көзқарасын түсіну және ескеру қабілеті алынады [18].

Мектепке дейінгі жастағы бала аса алыстатылған мақсаттарды көздеуді және өзінің іс-әрекетінің ықтималды эмоционалды салдарын көруді біртіндеп үйренеді.

Мектепке дейінгі жастың соңына қарай *эмоционалды интеллектінің құрылымы* келесі қабілеттерді қамтиды:

- эмоцияларды түсіну (саналы ұғыну) қабілеті;

- эмоцияларды ажырата білу және көрсету қабілеті;
- жанашырлық таныту, бірге күйзелу және ықпал ету қабілеті;
- алғашқы эмоционалды өзіндік бақылауды жүзеге асыру қабілеті;
- белсенді эмоционалды сөздік.

Эмоциялар сөздігінің сандық өсу үрдісі баланың даму дәрежесіне қарай байқалады.

Психологиялық зерттеулер аясында мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоциялық интеллект және оның сипаттамалары мәселесіне қатысты тұғырларды теориялық талдау, оны зерттеудің мазмұнын және бірізділігін анықтайтын негізгі қағидаларды бөліп көрсетуге, сонымен бірге әрі қарай зерттеу бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ Ересек мектеп жасына дейінгі балалармен дамыту жұмыстарын ұйымдастыруда балалардың дамуының объективті әзірленген немесе болжанатын заңдылықтарына сүйену қажет және келесі *принциптерді* ұстану қажет.

1) Кез келген жастағы балаға жеке-даралық тұғыр. Баланың жас ерекшелік дамуы контекстіндегі оның жеке-дара ерекшеліктеріне бағдарлануды көздейді. Әрбір бала үшін оның жасы баланың жеке-дара дамуының анықтаушы факторы болып табылады. Баланың жас ерекшелігі бойынша өзгерістер бақылау үшін жасырын, қолжетімсіз формада жүруі мүмкін және кенеттен пайда болатын «ұмтылыс» түрінде біршама уақыттан кейін көрінеді. Дамудың жеке-дара жылдамдығы мен қарқыны біртұтас алғанда бүкіл ағзаға және оның жекеленген қасиеттеріне, психикалық процестерге және сапаларына тән болады, өз кезегінде олар әртүрлі өмірлік жағдаяттарда көрініс табатын баланың интеллектуалды-танымдық және эмоционалды-ерікті сферасының өзгешелігін қамтамасыз етеді.

Баламен жүргізілетін дамытушы жұмыс оның психикалық дамуының ерекшеліктерін зерттеуге, белгілі психологиялық жаңа құрылымдардың қалыптасу деңгейіне, білім, білік, дағдылар деңгейінің, тұлғалық және тұлғааралық жаңа құрылымдардың деңгейінің қоғамның талаптарына, жас бағдарларына және т.б. сәйкестігіне негізделуі қажет.

2) Гуманистік принципі. Жалпыадамзаттық құндылықтарға, психологиялық өзара әрекеттесу әдістеріне негізделген ізгілікті, тұлғалық-бағдарланған тұғырларды іріктеуді және қолдануды көздейді.

3) Әрекеттік принципі. Бұл принцип қойылған мақсатқа жетудің құралдарын, жолдарын және тәсілдерін таңдауды анықтайды. Әрекеттік принцип баланың белсенді әрекетінің өзінің дамудың қозғаушы күші болып табылатынын мойындауға негізделген, дамудың әрбір кезеңінде онтогенездің аталған кезеңінде баланың дамуына барынша дәрежеде ықпал ететін жетекші іс-әрекеттің болатынын және кез келген адамзат іс-әрекетінің дамуы арнайы қалыптастыруды талап ететінін мойындауға негізделген (А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, С.Л. Рубинштейн және т.б.).

Бұл принцип психологиялық жұмысты баланың іс-әрекетінің тиісті түрлерін ересектермен ынтымақтастықта ұйымдастыру арқылы жүргізуді көздейді.

4) Жүйелілік принципі. Психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің үздіксіз сипатының болатынын және жүйелі іс-әрекет ретінде құрылатынын көздейді.

5) Дамыту жұмысында әрбір балаға дарынды бала ретінде қатынас білдіру тұғыры. Бұл принцип дамыту жұмыстарын жүргізілетін балалардың «екінші» сұрыптағы балалар ретінде қабылданбау керектігін білдіреді. Барлық балалар табиғатынан даму қабілеті бойынша дарынды: қоршаған әлемді сезіну және қабылдау қабілеті, ойлау, сөйлеу, талқылау, қиялдау, есте сақтау, қалау, сезіну, уайымдау, қиналу, мақсатқа жету және т.б. қабілеттері. Алайда, бұл қабілеттерді баланың туылған сәтінен бастап дамыту қажет.

Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамытудың психологиялық ерекшеліктерін анықтауда психологиялық әдебиеттерге, диссертациялық зерттеулерге, ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасалды, эмпирикалық зерттеулер және т.б. әдістер қолданылды.

Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамытудың психологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін, біз алдымен аталған жастағы балалардың эмоционалды интеллектін диагностикалауға және дамытуға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргіздік. Бұл жұмыстың барысында біз «Эмоцияларды ата» авторлық әдістемесін қолдандық. Зерттеу Алматы қаласындағы №10,22, 74 балабақшаның 5-6 жастағы балаларымен жүргізілді, зерттеуге барлығы 49 бала қатысты.

Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін диагностикалау үшін, біз «Эмоцияларды ата» атты авторлық әдістемені қолдандық (авторлары – Сатова А.К., Конысбаева А.Б., Бейсембаева К.Д.).

«Эмоцияларды ата» әдістемесі ересек мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалды интеллектісінің дамуын диагностикалауға арналған.

Эмоционалды интеллект, жалпы алғанда аса айқын көрінетін когнитивті компоненті бар күрделі когнитивті-тұлғалық құрылым ретінде қарастырылады [8].

Эмоционалды интеллектінің қалыптасуы және дамуы сатылы түрде және жас заңдылықтарымен сәйкес жүзеге асады. Ересек мектепке дейінгі жаста эмоционалды интеллектінің құрылымы келесі қабілеттерді қамтиды:

- эмоцияларды түсіну (саналы ұғыну) қабілеті;
- эмоцияларды ажырату және көрсету қабілеті;
- эмоцияларды вербализациялау қабілеті.

Зерттеу мақсаты: мектепке дейінгі жастағы баланың эмоционалды интеллектісінің даму деңгейін, оның жасына сәйкестігін анықтау.

Бақыланатын конструкттер: бет экспрессиясында көрінетін эмоционалды күйлерді адекватты түсіну және вербальды түрде көрсету қабілеті, базалық эмоцияларды білу, эмоционалды сөздіктің даму қабілеті.

Зерттеуге арналған материал: 8 түрлі-түсті карточкалар (текшелер):

- 5 базалық эмоциялар: *қуаныш* (Қ), *таңғалу* (Т), *үрей* (Ү), *ашу* (А), *мұң* (М);
- 3 қосымша: *ұялишақтық* (Ұ), *мақтаныш* (М), *жалғыздық* (зерігу) – (Ж).

Жүргізу процедурасы: Балаға кезектестіріп «көңіл-күйлер» карточкаларын (текшелерін), келесі түрде аталатын эмоционалды күйлерді: *қуаныш*, *таңғалу*, *үрей*, *ашу*, *мұң*; *ұялишақтық*, *мақтаныш*, *жалғыздықты* таңдау ұсынылады.

Содан кейін психолог кезектестіріп карточкаларды көрсетеді және онда бейнеленген көңіл-күйлерді атауды ұсынады. Нәтижелер бланкіге тіркеледі.

Нұсқау:

1. Картинкада қандай көңіл-күйдің бейнеленгенін ата.
2. «**Қуаныш**» бейнеленген картинканы көрсет..... (*таңғалу*, *үрей*, *ашу*, *мұң*; *ұялишақтық*, *мақтаныш*, *жалғыздық*).

Хаттама формасы

Эмоциялардың атауы								Атауы бойынша эмоцияларды таңдау							
Қ	Т	Ү	А	Мұң	Ұ	Мқ	Ж	Қ	Т	Ү	А	Мұң	Ұ	Мқ	Ж

Базалық эмоциялар

Қуаныш	Таңғалу	Үрей	Ашу	Мұң
				

Қосымша эмоциялар

Ұяшақтық	Мақтаныш	Жалғыздық (зерігу)
		

Нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау:

Эмоцияларды позициядағы әрбір бейнесі бағаланады:

0 балл – базалық және қосымша эмоцияларды ажырата алмайды және атамайды;

1 балл – базалық эмоцияларды ажыратады;

2 балл – базалық эмоцияларды атайды;

3 балл – қосымша эмоцияларды атайды.

Эмоционалды интеллектінің даму деңгейі:

Жақын даму аймағында: 0-15 балл;

Орташа: 16-26 балл; 4-5 базалық эмоцияларды ажыратады және атайды; 1-2 қосымша эмоцияларды ажыратады және атайды;

Жоғары, «дарындылық белгілері»: 27-36 балл; 5 базалық эмоцияларды ажыратады және атайды; 3 қосымша эмоцияларды атайды.

Диагностикалық зерттеу Алматы қаласының №10,22, 74 балабақшаларында жүргізілді, 2024 жылдың қазан айы мен желтоқсан айының аралығында жүргізілді, зерттеуге ересек мектеп жасына дейінгі 49 бала қатысты. Диагностикалық жұмысты жүргізу үшін іріктеме топтары таңдалды, аталған топтар балалардың оқыту тіліне сәйкес 2 топқа бөлінді: 1-ші (қазақ тілді топтар) – 27; 2-ші (орыс тілді топтар) – 22.

Зерттеу нәтижелері. Біздің зерттеу мақсатына сәйкес, психодиагностикалық жұмыстың мәліметтерін талдау және өңдеу жүргізілді, алынған мәліметтер қазіргі ересек мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін, атап айтқанда эмоционалды интеллектінің деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ересек мектеп жасына дейінгі балалардың басым көпшілігінде эмоционалды интеллектінің даму деңгейлері жас нормаларына сәйкес келеді. Атап өтетін бір жайт, қазіргі ересек мектеп жасына дейінгі балалардың жеткілікті теңгерімді дамуын сипаттайтын көрсеткіштердің біздің зерттейтін эмоционалды интеллектінің параметрлерін айқын көрсетеді.


Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллект деңгейін анықтау мақсатында, эксперимент жүргізуге іріктелген топтағы балалармен диагностикалық жұмыс жүргізілді, диагностикалық жұмысқа қазақ тілді топ (27 бала) және орыс тілді топ (22 бала) қатысты. Екі топтың «Эмоцияларды ата» авторлық әдістемесі бойынша алынған көрсеткіштерді төменде берілген кестеден көруге болады (Кесте 2).

Кесте 2. «Эмоцияларды ата» авторлық әдістемесі бойынша ересек мектеп жасына дейінгі балалардың анықтау кезеңіндегі эмоционалды интеллект даму деңгейі

№р/с	Топтар атауы	Бала саны	жасы	Орташа көрсеткіш (%)	Төмен көрсеткіш (%)
1	Қазақ тілді топ	26	5-6 жас	57,7(%)	42,3(%)
2	Орыс тілді топ	24	5-6 жас	66,6(%)	33,3(%)

Кестедегі мәліметтер бойынша, эмоционалды интеллектінің дамуының төмен деңгейдегі көрсеткіштерін біз «жақын даму аймағына» тән деп сипаттаймыз. Аталған көрсеткіштер ересек мектеп жасына дейінгі балалармен әрі қарай олардың эмоционалды интеллектін дамыту бойынша жұмыс жүргізудің қажеттілігін білдіреді. Осылайша, ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллект дамуын сипаттай отырып, жалпы алғанда зерттеуге қатысқан балалардың 62%-да эмоционалды интеллектінің дамуының жоғары деңгейінің анықталғанын атап өтуге болады, бұл көрсеткішті біз «дарындылық белгілері» ретінде нақты атауымызға болады.

Сонымен бірге, бірқатар көрсеткіштер пилотажды зерттеуге қатысқан ересек мектеп жасына дейінгі балалардың бір бөлігінің (38%) эмоционалды интеллектінің даму деңгейі әлі де болса «жақын даму аймағында» болатынын көрсетеді. Атап айтсақ, бірқатар 5 жастағы балалардың басқа адамның эмоцияларын адекватты бағалау қабілеті жеткіліксіз айқын көрінбейді, олар эмоционалды бейнелерді айқын көрсете алмайды, эмоционалды көріністерді саралауда бірқатар қиындықтарға ұшырайды, эмоционалды сөздіктері жұтаң, өздерінің эмоционалды күйлерін реттеуде қиындықтары байқалады.



Сурет 1. «Эмоцияларды ата» авторлық әдістемесі бойынша ересек мектеп жасына дейінгі балалардың анықтау кезеңінде эмоционалды интеллект даму деңгейі

Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін анықтау мақсатында жүргізілген диагностикалық жұмыстың нәтижелері, аталған жастағы балалармен дамытушы сабақтарды жүргізудің қажеттілігін талап етеді. Осы мақсатпен біз ересек мектеп жасына дейінгі


балалармен эмоционалды интеллектіні дамыту сабақтарының апробациядан өткіздік. Дамыту сабақтарының басым көпшілігі ойын түріндегі сабақтар және «Сезімтал қыз туралы хикая» атты авторлық әдістемеден құралды. Дамытушы сабақтардың ойындар, жаттығулар түрінде іріктеліп жүргізілу барысы балалар үшін қызықты, тартымды болды, балалар ерекше қызығушылықпен берілген тапсырмаларды орындады, олардың позитивті эмоционалды көңіл-күйлері байқалды.

Дамытушы сабақтардың апробациясынан кейін, алғашқы диагностикалық кезеңде жүргізілген әдістеме бойынша («Эмоцияларды ата») қайталап диагностикалық жұмыс жүргізілді, аталған жұмыстың нәтижесінде ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллект даму деңгейіндегі оң динамика байқалды, бұл жүйелі негізде дамытушы сабақтарды жалғастырудың қажеттілігін көрсетеді. (Кесте 2).

Кесте 3. «Эмоцияларды ата» авторлық әдістемесі бойынша ересек мектеп жасына дейінгі балалардың бақылау кезеңіндегі эмоционалды интеллект даму деңгейі

№р/с	Топтар атауы	Бала саны	жасы	Орташа көрсеткіш (%)	Төмен көрсеткіш (%)
1	Қазақ тілді топ	26	5-6 жас	83,3(%)	25,7(%)
2	Орыс тілді топ	24	5-6 жас	79,2(%)	20,8(%)

Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамытуға бағытталған жұмыстың нәтижелері бойынша, балалардың эмоционалды күйлерді адекватты бағалай бастауын көрсетті, оларда эмоционалды бейнелердің ашықтығы байқалды (эмоционалды белсенділік, баланың мимикалық экспрессиясы); балалардың эмоционалды көріністерді айқын саралауы, эмоционалды сөздік қорының молаюы байқалды; балалар эмоционалды күйлерді өзіндік бақылау және өзіндік реттеудің қарапайым дағдыларын меңгергенін көрсетті.



Сурет 2. «Эмоцияларды ата» авторлық әдістемесі бойынша ересек мектеп жасына дейінгі балалардың бақылау кезеңінде эмоционалды интеллект даму деңгейі

Анықтау кезеңінде жүргізілген диагностикалық жұмыстың нәтижелерін Фишер критерийі бойынша талдау жүргіздік:

Топ	Бала саны	Орташа ЭИ (бала саны)	Төмен ЭИ (бала саны)
Қазақ тілді	26	15 бала (57,7%)	11 бала (42,3%)
Орыс тілді	24	16 бала (66,6%)	8 бала (33,3%)

Фишердің дәл критерийі нәтижесі:

р-мәні: 0.57

Бұл мән 0.05-тен жоғары болғандықтан, **статистикалық тұрғыда маңызды айырмашылық жоқ** деген қорытынды жасауға болады.

шартты ықтималдық қатынасы: 0.68

Бұл көрсеткіш қазақ тілді топтың эмоционалды интеллектісі орташа деңгейде болу ықтималдығы орыс тілді топқа қарағанда 0.68 есе төмен екенін көрсетеді.

Интерпретация:

р-мәні 0.05-тен жоғары болғандықтан, қазақ тілді және орыс тілді топтар арасында эмоционалды интеллект деңгейі бойынша статистикалық тұрғыда маңызды айырмашылық жоқ.

Орташа көрсеткіштер әртүрлі болғанымен, бұл айырмашылық сенімді түрде дәлелденбейді және кездейсоқтық болуы мүмкін. Яғни, екі топтың эмоционалды интеллект дамуы ұқсас деңгейде деп бағаланады.

Қазақ және орыс тілді топтар арасындағы эмоционалды интеллект даму деңгейіндегі айырмашылық **статистикалық тұрғыда сенімді емес**.

Яғни, бұл айырмашылық кездейсоқ болуы мүмкін, оны нақты фактор деп қарастыруға болмайды. Сондықтан, екеуінің де эмоционалды даму деңгейі салыстырмалы түрде ұқсас деп есептеуге болады.

Кесте 4. «Эмоцияларды ата» авторлық әдістемесі бойынша ересек мектеп жасына дейінгі балалардың анықтау және бақылау кезеңінде эмоционалды интеллект даму деңгейінің салыстырмалы көрсеткіші

№р/с	Топтар атауы	Бала саны	жасы	Анықтау кезеңіндегі орташа көрсеткіш (%)	Анықтау кезеңіндегі төмен көрсеткіш (%)	Бақылау кезеңіндегі орташа көрсеткіш (%)	Бақылау кезеңіндегі төмен көрсеткіш (%)
1	Қазақ тілді топ	26	5-6 жас	57,7(%)	42,3(%)	83,3(%)	25,7(%)
2	Орыс тілді топ	24	5-6 жас	66,6(%)	33,3(%)	79,2(%)	20,8(%)

Қорытынды.

Жалпы алғанда, жүргізілген психодиагностикалық зерттеу ересек мектеп жасына дейінгі балалардың басым көпшілігінің эмоционалды интеллекттің даму деңгейінің олардың жас нормаларына және психикалық даму ерекшеліктеріне сәйкес келетінін көрсетті (62%). 5 жастағы балалардың бірқатарында (24%) және 6 жастағы балалардың бірқатарында (27%) эмоционалды интеллектінің дамуының жоғары деңгейі анықталған, бұл оларда «дарындылық белгілерінің» болатынын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, қазақ тілді және орыс тілді топтағы ересек мектеп жасына дейінгі балалардың арасында эмоционалды интеллектінің «жақын даму аймағында» болатыны анықталды (25%). Зерттеу нәтижелері ересек мектеп жасына дейінгі балалардың 5 жастан 6 жасқа қарай өтуінде эмоционалды интеллектінің дамуындағы оң динамиканың болатынын көрсетті, бұл өз кезегінде аталған жастағы балалардың жас ерекшеліктері дамуының заңдылықтарына толық сәйкес келеді.

Атап өтетін бір жайт, ересек мектеп жасына дейінгі балалармен дамыту сабақтарын өткізу барысында мектепке дейінгі мекемелерде ешқандай қиындықтар мен кедергілер болған жоқ, керісінше, балалар ерекше қызығушылықпен және үлкен ынтамен бірлесіп тапсырма орындады, ойындар ойнады, өзара әрекеттесуде тапсырмаларды орындауға көмектесті. Сондай-ақ, біздің жұмысымызға ықпалдастық танытуда мектепке дейінгі мекемелердің (№10,22,74 балабақшалар) қызметкерлерін, әсіресе педагогтары мен тәрбиешілерінің үлесі ерекше болды. Балабақшалардың әдіскерлері мен басшылары үлкен қызығушылық танытып, дамытушы сабақтарды өткізуге көмек көрсетті, жұмыс қорытындысында атқарылған жұмыстар туралы пікірлер берді.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу ересек мектеп жасына дейінгі жаста балаларды дамуының ішкі детерминанттары (жетілу процестері) сыртқы әлеуметтік детерминанттармен бірдей баланың психикалық дамуына, оның қабілеттерінің, атап айтқанда эмоционалды интеллектінің дамуына маңызды әсер ететінін көрсетті. Алынған нәтижелердің негізінде біз ересек мектеп жасына дейінгі балалармен психологиялық диагностикалық жұмыс жүргізу процедурасына қойылатын талаптарды нақтыладық, сонымен бірге балалардың эмоционалды интеллектін дамытуға бағытталған тапсырмаларды орындау нәтижелерін өңдеу және интерпретациялау критерийлерін нақтыладық, бұл өз кезегінде ересек мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы қабілеттерін зерттеуде диагностикалық құрал ретінде табысты қолдану үшін психологиялық әдістемелердің тәжірибеден өткізілген кешенін ұсынуға мүмкіндік береді. Жалпы психологиялық дамытушы сабақтар мен авторлық әдістемелер ересек мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамытуды анықтауға мүмкіндік береді, нәтижесінде, олар мектепке дейінгі ұйым жағдайында психологтың практикалық іс-әрекетінде тиімді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Об утверждении Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249#z81> (дата обращения: 10.09.2023).
2. Об утверждении модели развития дошкольного воспитания и обучения // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137>.
3. Карелина И.О. Динамика развития у дошкольников эмоционального интеллекта как способности к пониманию и регуляции эмоций // Социосфера. – 2020. – № 4. – С. 62-74.
4. Salovey P., Mayer J.D. Some final thoughts about personality and intelligence // *Personality and intelligence* / ed.: R. J. Stenberg, P. Ruzgis. – Cambridge, 1994. – P. 303–318.
5. Bar-On R. The Bar-On model of emotional-social intelligence (ESI) // *Psicothema*. 2006. V. 18 (1). P. 13–25.
6. Токарева О.А., Серый А. В., Федоров А. И. Теоретико-методологические проблемы исследования эмоционального интеллекта у детей старшего дошкольного возраста // Вестник Кемеровского государственного университета. 2018. № 3. С. 129–139. DOI: <https://doi.org/10.21603/2078-8975-2018-3-129-139>.
7. Goleman D. *Emotional intelligence: why it can matter more than IQ*. – New York: Bantam Books, 1995. – XIV. – 352 p.
8. Люсин Д.В. Современные представления об эмоциональном интеллекте // Социальный интеллект: теория, измерение, исследования: сб. ст.. – М., 2004. – С. 29–36.
9. Tolegenova A., Sh. Duanayeva Эмоциялық интеллектінің мектепке дейінгі балалардағы психологиялық ерекшеліктері // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2012. - №4. – Б.119-123.
10. Ногаева А.Қ., Сангилбаев О.С., Байбекова М.М. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектісінің қалыптасу деңгейін диагностикалау // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2023. - №1. – Б.47-55.
11. Berlibayeva M.B. Diagnostics of the level of emotional intelligence development of preschool children // ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Психология» сериясы. – 2021. - №3. – Б.56-66.
12. Жұбаназарова Н.С., Өтепберген К., Тленчиева Н.С., Төлегенова А.А. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды қиындықтарын ойын терапиясы арқылы психологиялық түзету // ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Психология» сериясы. – 2022. - №4. – Б.61-70.
13. Токарева О.А., Серый А. В., Федоров А. И. Теоретико-методологические проблемы исследования эмоционального интеллекта у детей старшего дошкольного возраста // Вестник Кемеровского государственного университета. 2018. № 3. С. 129–139. DOI: <https://doi.org/10.21603/2078-8975-2018-3-129-139>.
14. Андреева И.Н. Об истории развития понятия «эмоциональный интеллект» // Вопросы психологии. - 2008. - №5. - с.83

15. Кряжева Н.Л. Развитие эмоционального мира детей. – Екатеринбург, 2004.
16. Изотова Е. И., Никифорова Е. В. Эмоциональная сфера ребенка: Теория и практика: Учеб. пособие для студ. вузов. – М.: «Академия», 2004. – 288 с.
17. Юрчук Е.Н. Эмоциональное развитие дошкольников. – М., 2008.
18. Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество: Учебник для студ. Вузов / В.С. Мухина. - 4-е изд., стереотип. - М.: Издательский центр «Академия», 2009. – 456.
19. Нгуен М. А. Развитие эмоционального интеллекта//Ребёнок в детском саду - 2007, №5.
20. Сатова А.К., Конысбаева А.Б., Бейсембаева К.Д. и др. Особенности развития когнитивных и психомоторных способностей детей старшего дошкольного возраста в период пандемии. //Хабаршы-Вестник КазНПУ им. Абая, Том 69, серия «Психология» №4, 2021, стр. 24-36.
21. Сатова А.К., Конысбаева А.Б., Бейсембаева К.Д. Диагностика способностей детей 5-6 лет: учебно-методическое пособие для консультантов Службы Qabilet. - Нур-Султан: Корпоративный Фонд «Академия Елбасы», 2022. – 70 с.
22. Сатова А.К., Конысбаева А.Б., Бейсембаева К.Д., Надирбекова А.О., Садреймова А.Ж. Развитие психомоторных, когнитивных, коммуникативных способностей и эмоционального интеллекта детей 5-6 лет: учебно-методическое пособие для консультантов Службы Qabilet. – Астана: Корпоративный Фонд «EL UMITI», 2024. – 101 с.

References:

1. On approval of the Concept of development of preschool, secondary, technical and vocational education of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249#z81> (date of application: 09/10/2023).
2. On the approval of the model for the development of preschool education and training // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137>
3. Karelina I.O. Dynamics of development of emotional intelligence in preschoolers as an ability to understand and regulate emotions // *Sociosphere*. - 2020. – No. 4. – pp. 62-74.
4. Salovey P., Mayer J.D. Some final thoughts about personality and intelligence // *Personality and intelligence* / ed.: R. J. Stenberg, P. Ruzgis. – Cambridge, 1994. – P. 303–318.
5. Bar-On R. The Bar-On model of emotional-social intelligence (ESI) // *Psicothema*. 2006. V. 18 (1). P. 13-25.
6. Tokareva O.A., Seriy A.V., Fedorov A. I. Theoretical and methodological problems of emotional intelligence research in older preschool children // *Bulletin of Kemerovo State University*. 2018. No. 3. pp. 129-139. DOI: <https://doi.org/10.21603/2078-8975-2018-3-129-139>
7. Goleman D. Emotional intelligence: why it can matter more than IQ. – New York: Bantam Books, 1995. – XIV. – 352 p.
8. Lyusin D.V. Modern concepts of emotional intelligence // *Social intelligence: theory, measurement, research: collection of articles*. – М., 2004. – pp. 29-36.
9. Tolegenova A., Sh. Duanayeva Emotionalyk intellektuin mektepke deingi balalardagi psikhologiyalyk yerekshelikteri // *Bulletin of KazNU. Psychology and Sociology series*. – 2012. - No. 4. – B.119-123.
10. Nogayeva A.K., Sangilbayev O.S., Baybekova M.M. Mektep zhasyna deingi balalardyn emotionalsin intellectualsin kalyptasu degein diagnostikalau // *KazNU Bulletin. Psychology and Sociology series*. – 2023. - No. 1. – B.47-55.
11. Berlibayeva M.B. Diagnostics of the level of emotional intelligence development of preschool children // *Kazupunin KHABARSHYSY, «Psychology» series*. – 2021. - No. 3. – B.56-66.
12. Zhubanazarova N.S., Otepbergen K., Tlenchieva N.S., Tolegenova A.A. Mektep zhasyna deingi balalardyn emotionaldy kiindyktaryn oryn terapiyasi arkily psikhologiyalyk tuzetu // *Kazupunin KHABARSHYSY, «Psychology» seriyasy*. – 2022. - No. 4. – B.61-70.